

1996 жылға арналған Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 мамыр N 612

"Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ ССР-інің Заңы мен "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына U952700_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылға арналған Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының бюджеті кірістер мен шығыстар бойынша қосымшаға сәйкес 6996199 мың теңге сомасында бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы және Байқоңыр қалаларының жұмыспен қамту орталықтарына Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының орталықтандырылған шотына міндетті аударымдардан түсімдердің бір бөлігін аударатын, кейіннен жекелеген аймақтар бойынша кірістерден асатын шығыстарын жабу үшін қаражатты мына мөлшерде қайта бөлетін болып белгіленсін:

- а) Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және Байқоңыр қаласына - 5 процент;
- б) Ақтөбе, Атырау, Көкшетау облыстарына - 20 процент;
- в) Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарына - 30 процент;
- г) Жезқазған және Маңғыстау облыстарына - 40 процент;
- д) Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарына - 60 процент;
- е) Алматы қаласына - 75 процент.

3. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті аударымдар төлем жасалғаннан кейін тікелей республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін бірінші кезектегі тізбеге жатқызылсын.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының басқармасы Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті аударымдарды толық және дер кезінде жинауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық

инспекциясы Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына міндетті

босаған қызметкерлерді қайта даярлауға жұмсалған конверсияланған кәсіпорындар шығындарының орнын толтыру	26618
Түрген селосындағы оқу орталығының құрылысына жұмсалған шығындар	75000
оның ішінде: Германияның Бағдарламалық қаражаты есебінен	39515
өз қаражаты есебінен	35485
2. Жұмыссыздығы жөнінде жәрдемақы төлеу	4241115
оның ішінде ауыл жұмыссыздарына	1907264
3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және тұрғын үй саласын қаржыландыру	600125
тұрғын үй салуға және оны жөндеуге, инфрақұрылымдар объектілерін салу мен пайдалануға беруге байланысты қоғамдық жұмыстар	190125
оның ішінде ауылдық жерлерде	82134
қоныс аударушыларды жайластыру	410000
4. Мүгедектердің бейімделуіне жабдықтар сатып алуға жұмсалған шығынның орнын толтыру	50000
5. Халықпен және жұмыс берушілермен ақпараттық-анықтамалық жұмысқа жұмсалған шығындар	28000
6. Жұмыспен қамту қызметін ұстау	536000
оның ішінде Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкі Займына сәйкес модельдік орталықтарын жөндеу	29200
7. Қоныс аудару шараларына арналған шығыстар	260000
8. Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкі Займдарын пайдаланғаны үшін проценттер төлеу	16344
Шығыстар жиыны:	6996199
Кірістерден шығыстардың артуы	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК